

ПЕДАГОГИКА. ФИЛОЛОГИЯ*Өнербаева З.О.***ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ
МАМАНДЫ ДАЯРЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ
МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ***Өнербаева З.О.***ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТРЕБОВАНИЯ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ,
ПРЕДЪЯВЛЯЕМЫЕ ПРИ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА
ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ**

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында және оқу – тәрбие саласына байланысты басқа да құжаттарда жоғары оқу орындары жан – жақты білімді, ой - өрісі кең, мәдениеті кемал, жаңаша ойлауға қабілетті, әлемдік озық технологиялардан мол хабары бар, еліміздің жарқын болашағын ойлайтын, қазіргі өмір талабына сай іріктелген таңдаулы мамандар даярлау қажеттігі көрсетілген. Мұндай *талаптар* мұғалімдік кадрлар даярлауды түбегейлі жетілдіруді қажет етеді. Оқытушылардың алдына дені сау, ұлттық дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ожданы мол, еңбекқор, іскер және тағы басқа да ізгі қасиеттерге ие азаматтарды қалыптастыру міндеті қойылған.

Осының бәрі ғылыми және практикалық негізде жаңа кадрлар мен мамандарды, соның ішінде мұғалімдерді даярлауға жаңа талаптар қояды.

2000 жылдардан бері жоғары дәрежелі мамандыққа қойылатын талап түпкілікті өзгерген. Мамандардың кең ауқымды шығармашылық дербестігіне, ғасырлар бойы жинақталған жалпы адам құндылықтарын бағалай білуіне, психология – педагогикалық диагностика тәсілдерін терең меңгеруіне, қазіргі кәсіптік технологиялармен кәсіби қатынас мәдениеттіліктеріне баса маңыз беріледі.

Аталған талаптарды жүзеге асырудың негізгі факторлары жоғары білім беру парадигмасын жаңа типті маман даярлауға бағыттау, қазіргі оқытудың педагогикалық технологиясын игеруге алатын педагог, экономист, заңгер, инженер және т.б. мамандықтары бойынша берік білім беру болып табылады.

Юнеско – ның бас директоры Фредерико Майордың “XXI ғасырда жоғары білім берудегі Еуропалық программалық өзгерісі” (1997 ж., қыркүйек) (26/1) атты форумында сөйлеген сөзінде жоғары білім беру болашақты болжау құралы ретінде қоғам мүддесіне қызмет ету қажеттілігін атады [1].

Қазақстандағы жоғары білім беру міндеттері БҰҰ-ға мүше елдердің, Лиссабон Конвенциясына (1997 ж., сәуір) қол қойған 47 мемлекеттің білімге деген көзқарастарына, ХХІ ғасырға арналған бүкіл дүниежүзілік Жоғары білім декларациясына (Париж, 1998 ж., 5 – 9 қазан) үйлеседі, ол жоғары білімнің мынадай басты мақсаттары мен құндылықтарын жариялайды:

- ол адам құқықтарын, демонстрацияны, бейбітшілікті нығайту мақсатында барлық азаматтардың бүкіл өмір бойы жеке дамуы мен әлеуметтік әрекетіне қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс;
- ғылым мен технологияны дамыту жолымен қоғамның мәдени, әлеуметтік және экономикалық дамуына жәрдемдесу;
- жоғары білікті мамандарды, бір мезгілде өзі үшін және елдің болашағы үшін жауап бере алатын азаматтарды даярлаудағы жүзеге асыру;
- ұлттық және аймақтық мәдениетті сақтауға, көтеруге және таратуға көмектесу, мәдениет арқылы ұлттық тұрақтылық пен топтасқандыққа, өзара түсіністік пен бейбіт ынтымақтастық мақсатында аймақтық интеграцияға жәрдемдесу;
- қоғамдағы құндылықтарды қорғауға және этикалық проблемаларды шешуге, стратегиялық мақсаттар мен гуманитарлық қайта өрлеуді талқылауға көмектесу;
- тұтас алғанда, қоғамның, оның ішінде осы қоғамның білім жүйесінің дамуы мен жақсаруына жәрдемдесу.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі кең көлемді мамандар даярлау, оларды қайта арттыру, ғылыми ізденіс пен мәдени – ағарту әрекеттерін жүзеге асыруды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарына ие.

Осы жерде, Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі, жоғары білім беру жүйесі құрылымының өзгерістерге ұшырауын саралай отырып, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына тиісті статистикалық көрсеткіштерді

анықтаған. Бұл көрсеткіштер республикада классикалық және кәсіптік университеттерді құру тенденциялары байқалатынын көрсетеді [2].

Жеке тұлғалық дамуының қозғаушысы күші мен оның көзі – жеке тұлғаның сол кезге дейінгі жинақталған интеллектуалдық, адамгершілік және рухани потенциалын пайдалана отырып, өзін - өзі жетілдіру мен жеке дамуға бағытталған қажеттілік болып табылады. Қазіргі кездегі маманға қойылатын талаптар негізінде орта мектептегі бітіруші түлектің бәсекелесу мүмкіндігі болуы қажет. Осыдан барып, “Қазіргі замандағы бәсекеге түсе алатын адамның моделі” мынадай:

- 1) кәсіби компонентті;
- 2) ғылыми көзқарасы бар;
- 3) креативті менталитетті, өзін - өзі дамытуға, жетілдіруге тырысатын;
- 4) жоғары мәдениетті, адамгершілігі бар;
- 5) салауатты өмір салтын сақтайтын;
- 6) компьютерлік білімді.

Жоғарыдағы қасиеттердің қалыптасуы үшін оқушы үнемі өздігінен жұмыс істеуі қажет. Біріншіден оқушы өзі қызғушылық таныта алуы қажет. Бұл бағыттағы жұмыста жақсы нәтижеге жету үшін өз бетімен орындалатын жұмысты жетілдіру мен жаңарту қажет. Өздігінен орындалатын жұмыс түрлері болашақ ұрпақты жан – жақты білімді етіп қалыптастыруға бағытталады.

Бұл жағдайда оқушы өз бетінше қажетті ақпаратты тауып, оны талдай алуы, қажетті. Оқушының өз бетінше орындалатын жұмыстарды жетілдіруге бағытталады:

- сыныпта алған білімді бекітуге және толықтыру мақсатында белсенді меңгеруге;
- алға қойған проблеманы шығармашылықпен шешуге;
- оқушының жеке тұлғалық қабілетінің айқын көрінуіне;
- әр түрлі тапсырмалар бойынша практикалық дағдының қалыптасуына өз бетімен орындайтын жұмыстар мынадай дағдыларды дамытады;
- арнайы әдебиеттермен;
- мерзімді басылымдарымен;
- анықтамалық материалдарымен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Дәстүрлі сабақтарда өткізілетін аралық тексерулер, бақылау жұмыстарының, сарамандық жұмыстардан басқа жұмыс түрлерін оқу процесіне тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді. Олардың ішіндегі әр түрлі мақсаттағы рефераттар жазу, онда берілген тақырып бойынша ғылыми және арнайы әдебиеттерді пайдалана отырып, белгілі бір проблеманы шешуге не оқулыққа талдау жасауға ізденуге баулу.

Бүгінгі күні қоғам өнеркәсіп дәуірінен ақпарат дәуіріне өту кезеңінде. Дүние жүзі біртұтас коммуникация байланыс жүйелерімен қамтыған. Сондықтан ХХІ ғасыр азаматы информатика саласында білікті маман болуы тиіс, күнделікті өмірде ақпарат жүйелерімен, арнайы компьютерлермен және ақпараттық желілермен жұмыс жасай білуі тиіс. Осы біліктілікпен бірге, ақпараттық қоғам азаматы өмірге деген жаңа көзқарасы бар, ақпараттық мәдениетті болуы тиіс. Дүниежүзілік ауқымды ақпараттық жүйесі интернет – ақпараттық мәдениеттің ең жоғары жетістігі болып саналады. Сондықтан ақпараттық жүйе болашақ маманды дұрыс шешім қабылдауға үйретеді [3,4,5].

Жоғарыда айтылғандардың дәлелі ретінде 3 курста “Химияны оқыту әдістемесі” пәні № 1 дәрісті ұсынуды жөн көрдік.

*Химияны оқыту әдістемесі педагогикалық
жоғары оқу*

орындарының оқу пәні және ғылымы

Жоспар:

1. Оқыту әрекетінің жеке бөліктерін сипаттап, олардың өзара байланысын көрсетіп, химияны оқыту әдістемесіне ғылыми анықтама беру.
2. Химияны оқыту әдісі басқа ғылыммен байланысы.
3. Химияны оқыту әдістемесінің зерттеу әдістері.
4. Химияны оқыту туралы орыстың ұлы ғалымдары М.В. Ломоносовтың, Д.И. Менделеевтің, А.М. Бутлеровтың пікірлері, дамуы.
5. Кеңес өкіметі тұсында химияны оқыту әдістемесінің дамуы.
6. Қазақстан Республикасында химияны оқыту әдістемесі дамуы.

Химияны оқыту әдістемесі – мұғалімдер дайындайтын университеттер мен педагогикалық институттардың оқу жоспарындағы негізгі пәндердің бірі. Ол болашақ мұғалімдерді химияны оқыту теориясымен қаруландырып, іс жүзінде күнделікті туындап отыратын жеке әдістемелік мәселелерді ғылыми тұрғыдан шеше білуге әзірлейді.

Мұнда химияны орта мектепте оқыту әдістемесінің жалпы және жеке мәселелері баяндалады.

Химияны оқыту әдістемесі пәні бойынша зерттелетін нысаны, оның басқа пәндермен байланысы, қалыптасу кезеңдері, Қазақстан Республикасындағы химияны оқыту әдістемесінің даму жолдары қарастырылады. Жалпы білім беретін орта мектепте химияны оқытудың мақсаттары мен міндеттері, мазмұны,

оқыту әдістері және ұйымдастыру түрлері мектеп реформасының талаптары мен тұжырымдамалары тұрғысынан талданды. Бұл еңбекте орта мектепте химиядан сабақ берудің аса маңызды құралы болып табылатын химиялық эксперименттердің түрлеріне, мөлшерлік және эксперименттік есептерді шығару әдістемесіне баса назар аударылды.

Химияны оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым әрі оқу пәні. Химия – заттардың бір – біріне өзгеруін зерттейтін ғылым. демек, химияны оқыту әдістемесі мектептің химия курсына осындай заңдылықтарды оқушыларға үйрету жолдарын, түсіндіру тәсілдерін зерттейтін педагогикалық ғылым деп түсінуіміз керек.

Оған оқу үрдісін ұйымдастыру, оқушылардың танымдық іс - әрекетіне басшылық, сарамандық дағдылар мен іскерліктер қалыптастыру, шығармашылық қабілеттер мен ғылыми дүниетанымдық көзқарастарды дамыту жатады.

Келесі мәселе – «қалай оқиды?» - деген сұрақтың жауабына келсек, ол оқушылардың іс - әрекеті бойынша анықталады. Химияны оқыту әдістемесіне ғылыми тұрғыдан қандай анықтама беруге болады? Бұл әлі күнге дейін толық шешімін таппаған мәселелердің бірі болып саналады. Кейбір оқу құралдарында мынадай анықтама берілген: бұл – жасөспірімдерге химия ғылымын үйретудің қоғамдық әрекеті және оларды білім алуға тәрбиелеп, дамыту, мектептегі

химия курсының мазмұнын оқушыларға игерту заңдылықтары туралы педагогикалық ғылым.

Химияны оқыту әдістемесі әрі ғылым, әрі оқу пәні ретінде оқытудың мазмұнын, оқыту әдістерін тәрбие жұмысымен тығыз бірлікте, өзара байланыста зерттейді. Оқытудың заңдылықтарын ашумен қатар, оқытудың мазмұны-мақсатын, әдістерін, оқыту формалары мен құралдарын, оқытушы мен оқушының іс-әрекетін бір-бірінен ажыратпай біртұтас қарастырады.

Химияны оқыту әдістемесінің зерттейтін объектісі – сол пәнді оқыту әрекеті. Оқыту, педагогика, дидактика және әдістеме ғылымы тұрғысынан түсінуге болатын күрделі әрекет болып табылады.

Оқыту әрекетін, тұтасынан алғанда, дидактика зерттейді. Ол оқыту әрекетінің мәнін ашып береді, заңдылықтары мен негіздерін саралайды. Дидактика, бір жағынан, оқытудың теориясын жасайды, екінші жағынан, сол теорияны қолдану арқылы оқытудың сарамандығын жетілдіреді. Барлық жеке пәндерді оқыту, солардың ішінде химияны оқыту әдістемесі дидактиканың ашқан жаңалықтарына сүйенеді, оларды өзінің әдістемелік негізі ретінде пайдаланады.

Әдістеменің зерттейтін тағы бір мәселесі – оқытудың ұйымдастыру формаларын, құралдарын және әдістерін жетілдіру, мектептің алдына қойылған жаңа талаптарға сәйкестендіру.

1-сызба нұсқа Оқыту әрекетінің жеке бөліктері



Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, “Химияны оқытудың әдістемесі – химиядан білім берудің мазмұнын және химияны оқыту барысының заңдылықтарын зерттейтін педагогика ғылымының дербес бір саласы” деген анықтама беруге болады.

Жалпы бөлімде орта мектепте химия курсының мақсаттары мен міндеттері, мазмұны мен құрылысы, оқулықтары және химияны оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдістері талданады. Жеке мәселелерін қарастыратын бөлімінде химияның теориялық көзқарастарын оқып – үйрену, химиялық элемент және реакция, зат туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру және дамыту әдістемесі баяндалады.

Химияны оқыту әдістемесінің зерттеу әдістері және оның басқа ғылымдармен байланысы. Осының алдында ғана баяндалған химияны оқыту әдістемесін зерттеуді төрт мәселеге топтастыруға болады.

1. Химияны не үшін оқытылады? 2. Химияда нені оқытады? 3. химияны қалай оқытады? Химияны оқытудың нәтижесі қандай?

Бірінші сұрақтың жауабы мектеп химия курсындағы материалды іріктеп алу арқылы анықталады. Ол үшін химия ғылымының даму логикасы мен тарихы, теориялық және нақты материалдың өзара ара қатынасы ескеріледі.

Екінші сұраққа былай жауап беруге болады: химияны оқыту әдістемесі оқушының жас ерекшеліктеріне қарай оқу материалдарының мазмұнына сай қарастыру нұсқау береді; оқу құралдарын қалай қолдану жөнінде ұсыныс жасайды; оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары мен жаттығуларына бағыт сілтейді. Оқыту үрдісінде ұғымдарды, заңдары, теорияларды іріктеп алудың жолдарын қарастырады.

Үшінші сұрақтың жауабын оқытуға байланысты қарастырылғаны жөн. Оқыту – мұғалімнің қызметі. Мұғалім оқушыларға химиялық білімді меңгертеді, оны ақпараттар берумен байланысты орындатады. Сонымен бірге, химияны оқыту әдістемесі – орта мектептерде химиядан сабақ беретін мұғалімдерді жоғары оқу орындарында кәсіптік мамандыққа даярлайтын оқу пәні.

Химияны оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым және оқу пәні болғандықтан, қоғам талаптарына сай педагогика ғылымы анықтап берген жалпы орта білім беру және тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес химия пәнінің өзіндік ерекшеліктеріне негізделіп құрылады.

Химияны оқыту әдістемесі алдымен химия ғылымымен тығыз байланысты қарастырады. Себебі, химияны оқыту әдістемесі мектеп химиясының мазмұнын анықтауда шешуші роль атқарады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Майор Федерико. Универсальный университет // Alma – mater. – 1998. - № 7. – с. 3 – 7.
2. Высшее профессиональное образование / справочный материал. Астана, 2000 г.
3. Нұғыманов И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі “print – s”. – Алматы, 2005 ж. – 353 б.
4. “Химияны оқыту әдістемесі” типтік оқу бағдарламалары. Алматы: Абай атындағы Қаз.Ұлтт.пед.унив оқу - әдіст. бірлестігі ұсынған. 27. б.
5. Шоқыбаев Ж.Ә. Оқыту технологияларын жан – жақты тәрбиелеуде және жеке тұлға тәрбиелеуде пайдаланудың қазіргі жағдайы

Рецензент: д.пед.н., профессор Сияев Т.